



ДИРИЖЕР ТИМУР МЫҢБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Гульнар Альпеисова¹, Бақытжан Халмуратов²

¹Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазіргі музыкатануда ұлттық дирижерлық өнерді түсінуге және елеулі дирижерлер шығармашылығына қатысты мәселелерді әзірлеуге қызығушылық айтарлықтай артты. Күрделі құрылымды білдіретін Қазақстандағы дирижерлық өнер әлі күнге дейін ғылыми зерттеулерде белгілі деңгейде баяндалмаған. Дегенмен, бұл жолда біршама өзгерістер байқалады: жас зерттеушілердің (Әмзе, Муса, Дюсембаев) еңбектерін атап өтуге болады. Бұл арада зерттеушілердің назарынан орынсыз түсіп қалған, кәсіби дирижер Т. Мыңбаевтың сан қырлы қызметі бөлек қарастыруды қажет етеді.

Бұл мақаланың мақсаты – Тимур Мыңбаевтың шығармашылық қызметінің жан-жақтылығын ашу. Тимур Мыңбаев – дирижер, композитор және музыкатанушы, Қазақстанның және Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, профессор. Ұзақ жылдар Қазақстан мен Ресейдің симфониялық оркестрлерінің дирижері болды. 1997 жылдан өмірінің соңына дейін Гнесин атындағы Ресей музыка академиясының студенттік симфониялық оркестрін басқарды. Оның жетекшілігімен ұжымдар күрделі бағдарламаларды сәтті дайындап, жоғары шығармашылық деңгейге жетті.

Тимур Мыңбаевтың шығармашылық тұлғасын зерттеу тұрғысынан өмірбаяндық, аналитикалық және мұрағаттық әдістер негізінде оның симфониялық оркестрмен жұмысының сипаты мен ерекшелігі қарастырылады. Бақылау, әңгімелесу, сұхбат әдістеріне сүйене отырып, оның дирижерлық және ағартушылық қызметінің негізгі принциптері тұжырымдалады және репертуарлық саясатының мәселелері бөлек қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде оның дирижерлық қызметінің негізі – музыкалық шығарманың оркестр дыбыстарындағы бейнеленуі және тыңдаушыға ойды жеткізу екені анықталды. Т. Мыңбаевтың дирижерлік ойлау қабілетін, тұлғалық және кәсіби қасиеттерін анықтау оның Қазақстан Республикасы симфониялық оркестрінің дирижері ретіндегі қызметін Алматының көркем өмірінің және ұлттық мәдениеттің ажырамас жарқын бөлігі ретінде анықтауға мүмкіндік берді. Музыкалық

мәдениетте жарқын із қалдырған Т. Мыңбаевтың шығармашылығы гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында тың ізденістердің толқынын тудыратынына сенеміз.

Түйін сөздер: Тимур Мыңбаев, дирижер, тұлға, симфониялық оркестр, филармония, репертуар, дирижерлік өнер, өмірбаяндық, аналитикалық және мұрағаттық әдістер.

Дәйексөз үшін: Альпеисова, Гульнар және Бақытжан Халмуратов. «Дирижер Тимур шығармашылық қызметі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, №4, 2023, 27-42 б., DOI: 10.47940/cajas.v8i4.660.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді

Кіріспе

Тарихтың қай кезеңінде болмасын, өткеннің озық жетістіктерімен танысу және ел мәдениетіне сүбелі үлес қосқан көрнекті өнер қайраткерлерінің шығармашылығын зерделеу өзектілігі жойылмақ емес. Бұл өз кезегінде музыка мәдениетін дамытуға, музыканттарды дайындауға, ұстаздарды тәрбиелеуге, сайып келгенде, рухани қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыда дирижер Тимур Мыңбаев сияқты елеулі тұлғаның өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылық туындауы заңдылық.

Тимур Кәрімұлы Мыңбаев өзінің шығармашылық жолын Ленинград қаласынан бастап, тәжірибесін туған өлкесінде шыңдап, жетілген шағында Мәскеу, Петербург, Екатеринбург, Саратов, Самара, Ярославль филармонияларының үлкен оркестрлерінде жұмыс жасаған. КСРО, Европа, Азияның ірі қалаларында гастрольдік сапарлар жасап, өмірінің соңғы кезеңін Мәскеудегі Гнесиндер атындағы музыкалық академияның студенттік оркестрінің дирижері ретінде өткізді.

Талантты тұлға Тимур Кәрімұлының қазақ өнері тарихында алатын орны ерекше. Оның шығармашылық әдісі бүгінгі дирижерлік тәжірибеге бағдар

бола алады. Тимур Мыңбаевтың жүріп өткен жолы, оның музыка мәдениетіне қосқан үлесі музыкалық орындаушылықтың түрлі бағыттарына байланысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан түсіну үшін құнды материал бола алады. Оның Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында дирижер ретінде жұмыс жасағаны да белгілі. Көрнекті дирижердың тұлғасы өзіндік ерекшелігімен, атқарған ісінің ауқымдылығымен және жан-жақтылығымен мәдениетімізде лайықты орын алып, бағасы уақыт өткен сайын өсуде. Дегенмен де, тұлғаның шығармашылығы нақты зерттеу нысанына алынбай келеді. Сондықтан Тимур Мыңбаевтың Қазақстан мәдениетіндегі рөлін анықтайтын уақыт жетті. Т.Кәрімұлының Қазақстандағы музыка мәдениетіне қосқан үлесін анықтау, оның тәжірибесін таныту замандастарымыз бен болашақ дирижерлер үшін құнды болары сөзсіз.

Сонымен қатар, маэстро — Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде танылған шығармалардың композиторы, оған қоса беделді педагог, қоғам қайраткері, ағартушы. Жан-жақты тұлға ретінде Тимур Мыңбаевтың шығармашылығы Қазақстанның қазіргі музыкалық мәдениетінің дамуына әсер етті.

Әдістер

Тимур Мыңбаевтың шығармашылығын зерттеудің негізгі әдісі оның шығармашылығымен байланысты музыканттардың естеліктері болды. Тимур Мыңбаевтың дирижерлық қызметін зерттеу барысында: бақылау, әңгімелесу, сұхбат әдістері қолданылды. Жұмыс барысында Қазақстанда маэстромен бірге жұмыс жасаған танымал өнер қайраткерлері мен ұстаздардан алынған сұхбаттар маңызды рөл атқарды (Moore).

Талқылау

Тимур Мыңбаев шығармашылығы жөнінде жазылған музыкалық әдебиеттер қатары дарияға тамған тамшыдай десек қателеспейміз. Солардың қатарында Ғазиза Жұбанованың «Мир мой музыка» мақала, очерк, естеліктері кітабында, Пернебек Момынұлының «Қазақ музыкасының қысқаша тарихы» еңбегінде тұлға есімі шолып өтіледі. Сол секілді Аманжол Күзембайұлы мен Еркін Әбілдің «Қазақстан тарихы» кітабында «70 жылдары қазақ музыкалық өнерін одан әрі дамытудың уақыты болды. Осы кезеңде Республикада Абай атындағы академиялық опера және балет театры, Мемлекеттік филармония, хор капелласы, Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрі, ән және би ансамбльдері жұмыс жасап тұрды. Қазақ әншілері, ҚСРО халық әртістері Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, апалы-сіңілілі Накипбековтер, Айман Мусаходжаева, Галина Қадырбекова, дирижер Тимур Мыңбаев, әншілер М. Мұсабаев, Р. Жұбатурова, Н. Үсенбаева, А. Днишев, Р. Рымбаева, Г. Есімов, Е. Хасанғалиев, Н. Нүсіпжанов әлемдік даңққа ие болды. Опера және балет өнері одан әрі дами берді. К. Кужамьяров пен Н. Тілендиевтің «Алтын таулар»,

С. Мұхамеджановтың «Айсұлу» опералары, Г. Жұбанованың «Ақ құс туралы аңыз» және «Хиросима» балеттері жазылды. Қазақстан композиторлары бірқатар симфониялық туындылар жазды» деп аталып көрсетіледі (Күзембайұлы, Әбіл 325).

Расында да, дирижер қызметі жайында отандық музыкатану саласында ауыз толтырып айтарлықтай ақпарат көп емес. Дирижер шығармашылығы жөнінде көбінесе онымен қызметтес болған музыканттардың естелігінен біле аламыз. Бұл естеліктер өз алдына бір құнды ақпарат ретінде, өскелең ұрпақтың санасынан Тимур Мыңбаевтың есімінің өшпеуіне септігін тигізери анық. Мұндай құнды тарихи ақпараттарды сақтау, оны қоғаммен бөлісу біздің қолымызда. Себебі, өнер жолындағы әрбір тұлғаның қазақ өнерінің дамуы мен әлемдік деңгейде нығаюына қосқан үлестері ұшан теңіз. Беделді тұлғаларымыздың атқарған қызметтерін ХХІ ғасыр қарсаңында бағалап, тұжырым жасайтын уақыт жетті.

Тимур Мыңбаев Қазақстанның Мемлекеттік симфониялық оркестрінің өміріне нық қадаммен кірген еді. Оның консерваториядағы жұмыстары сол кездің өзінде-ақ оркестрді жақсы сезінетін, еститін, салмақты және ойлы музыкант екендігін көрсетті (Тимур Мыңбаев консерваторияны екі мамандықта: хорды дирижерлау және композиция бөлімін тәмамдаған). Қос мамандық бойынша білім алған маэстро, жоғары кәсіби дирижерге қажетті жалпы мәдени білімге ие еді. Аталмыш оркестрді басқарудағы білім деңгейінің жоғарылығы жайында авторлық ұжым тобы мақаласында айтылған болатын (Schmidt, Langler, Altenbuchner, Kobl, Gruber). Ең бастысы, шәкіртінің бойындағы ойлау парасаттылығы мен нәзік талғамын өзіне жақын бағалап, осы қасиеттерді өзінің педагогикалық тәжірибесінің шегінде дамытқан жоғары деңгейдегі дирижер Елизавета

Кудрявцеваның (Кеңес және орыс хор дирижері, педагог, қоғам қайраткері, РСФСР халық әртісі (1977), КСРО-дағы алғашқы әйел — хор дирижері) дирижерлық сыныбындағы тамаша мектептен өтті.

1973 жылы Тимур Мыңбаевтың Қазақстан мемлекеттік оркестрінің дирижері болып тағайындалуын жалпы музыкалық қауым қуана қабылдады. Әрине, ол алдыңғы дирижерлармен салыстырғанда жас болатын. Бұл уақыт оркестрдің әкімшілік, ұйымдастырушылық жағынан белгілі бір қиындақтарды басынан өткеріп жатқан тұсы болатын. Мұндай жағдайда оркестрге ең алдымен дирижер — ұстаз, дирижер — тәрбиеші керек болды. Тимур Мыңбаевқа жоғарыда аталған қабілеттерге ие адам болуы қажет еді. Содан оркестрдегі шығармашылық тәртіпті жақсартуды, кемшіліктерді шыдамдылықпен жоюды бірінші кезекке қойып, аталған қабілеттерге сай тұлға бола білді. Өз-өзіне қойылатын талаптар күшейтілді. Дегенменде өз бетінше өсу жеткіліксіз. Тимур Кәрімұлы өзі басқаратын ұжымның үнемі дамуына, әрқашан алда болуына ынталандыру керек еді. Сонымен қатар, оркестр жұмысындағы әрбір кезекті жеңіс дирижердың алға жылжуына, жаңа кезекті қашықтықтарға батыл қадаммен жүруін білдірді. Өйткені, бұл жағдайда қашықтықты жоғалту тоқыраудың басталуымен пара-пар болды. Себебі, уақыт дирижердың ішкі дүниесінің қаншалықты бай екендігін, өзіне және оркестрге арналған жаңа қасиеттерін, талантының жаңа қырларын сынайды. Ал, потенциалы әлсіз, жасампаз тұлға болмысы ерте ме, кеш пе, бұл жолда тоқтауға мәжбүр болатыны белгілі.

Мемлекеттік оркестрдің бас дирижері болып жұмысқа кіріскен Т. Мыңбаев, атап айтқанда, оркестрдің кәсіби және көркемдік деңгейінің өсуі, оның репертуарының кеңеюі, концерттер мен гастрольдер санының

көбеюі, жазбалардың орындалуы сияқты маңызды шығармашылық және ұйымдастырушылық міндеттерді шешуге қол жеткізеді. Тимур Мыңбаевтың жұмысындағы маңызды бөліктердің бірін Мусаходжаева Раиса Қожабековна өз сұхбатында былайша баяндап берген еді: «Тимур Кәрімұлының жұмысындағы керемет тұсы, біз алғаш танысып отырған шығарма туралы оның тарихын, композитордың өмірбаянын, шығармадағы кездесетін мотивтерге назар аудара отырып, динамиканың даму логикасын, тіпті сол уақыттағы қоғамда болып жатқан мәселелер туралы оркестрге түсіндірме шолуын жасайтын. Оркестр мүшелеріне әріптестер ретінде қарады. Барлығымыздың бірлесіп бір ойды жасаушылар екенімізді білдірді. Музыканы бірге жасайтынбыз және оны күн сайын толық түсіне отырып орындадық. Ол бізді өз деңгейінде қатар ұстап, тең көретін. Бұл оның жұмысына деген жоғары көркемдік қатынасын білдірді». Дирижер жұмысының осы мазмұндас көзқарасын Ньюмен өз мақаласында жариялаған болатын (Neuman).

1978 жылы «Советская музыка» журналына берген сұхбатында дирижер: «Әдетте, біздің оркестр ай сайын бір-екі премьеря жасайды. Соңғы жылдары концерттерімізде Бартоктың «оркестрге және ішекті аспаптарға, соқпалы аспаптар мен челестаға арналған концерті», Стравинскийдің «Весна Священная» және «Үш бөлімді симфония», Шостаковичтің он бесінші симфониясы мен Бернстайннің «Вест-сайд хикаясы» орындалды. Бағдарламаларда (үш маусымда — жүзге жуық атау) қазақ композиторларының жаңа туындылары үзбей тыңдалады. Біздің ұжым гастрольдік сапарларының кейбірін толығымен ұлттық композиторлық мектептің жетістіктерін насихаттауға арнайды. Сонымен қатар, біз үнемі репертуарымызда классиктердің Бетховен, Брамс,

Чайковский шығармаларын орындаймыз. Біз қазірдің өзінде кем дегенде он-он екі сағаттық жаңа қазақ музыкасын ұсына алар едік» (Юдин 41). Дирижер Тимур Мыңбаевтың оркестрлік репертуарының диапазоны орасан зор болды, оған орыс және шетел композиторларының барокко, классицизм мен романтизм дәуірлерінің және ХХ ғасырдың классик композиторларының шығармалары кірді. Дегенмен оның концерттік бағдарламасының сәнін келтірген ХХ ғасыр композиторлары Г. Малер, О. Респиги, А. Шёнберг, А. Берг, А. Веберн, Дж. Гершвин, Б. Барток, И. Стравинский, Б. Бриттен, Л. Бернстайн, Д. Кабалевский, Д. Шостакович, А. Хачатурян, Б. Чайковский, Э. Денисов, В. Сильвестров, А. Шнитке, А. Эшпай, С. Слонимский, А. Пярт, В. Золоторев, Ч. Нурымов, Т. Чудова, И. Манукян, Ю. Тугаринов, В. Семёнов және тағы басқаларының шығармалары болды (Батагова 25). Әлбетте аталған репертуарлардың барлығы дирижерлік қабілеттерінің кемелденуіне әсерін тигізді. Дирижер процесінің тұжырымдамасы дирижердің бай тәжірибесімен тікелей байланысты екені анық. Дирижер негүрлым тәжірибелі және әртүрлі оркестрлермен көбірек жұмыс жасаса, оның дирижерлік идеясы соғұрлым жан-жақты болады (Gerts 113).

Тимур Мыңбаевтың концерттік репертуарды құру кезіндегі шешімі бізді қызықтырды. Маэстроның гастрольдік сапарындағы концерттік репертуарының бір бөлігіне назар салсақ:

I бөлім

1. Мұқан Төлебаев «Біржан Сара» операсынан би;
2. Иоганнес Брамс Фортепиано мен оркестрге арналған концерт;

II бөлім

1. Леонард Бернстайн «Вестсайдская история» мюзиклынан симфониялық би;
2. Антон Веберн Пассакалья (Афиша ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан).

Шығармалардың орналасу реті, таңдалу қатары қызықтырады. Тимур Мыңбаев бұл концерттік бағдарламада көрермендерге түрлі түсті бояуларға толы шығармаларды ұсынды. Концерттік бағдарламаны жеңіл деп айтуға болмайды. Біздіңше, дирижердің бұл реттілікті таңдауындағы мақсаты халықтың музыкалық сауаттылығын ашуға тәрбиелеу болды. Концерттік бағдарламаны «Біржан Сара» операсындағы бимен ашуы, біріншіден, ұлттық композиторларымыздың шығармашылығын халыққа таныту; екіншіден, операдағы би сахнасы өзінің салтанаттылығымен, мерекелі мазмұнымен концертті толықтай ашуға сай келіп тұр. Екінші кезектегі академиялық музыка жанрындағы өзіндік бір эмоционалды екпінділік, адамның рухани әлеміне көңіл бөлу, лирикалық принциптің басымдылығы бар бір төбе композитор Иоганнес Брамстың туындысын ұсынуы да, кіріспелік рольді атқарған биден кейінгі тыңдармандардың назарын осы шығармаға қарату.

Екінші бөлімдегі «Вестсайдская история» мюзиклы — джаздың музыкалық тіл элементтерінің, латынамерикалық би музыкасының ырғақтарының және ХХ ғасырдағы композициялық техниканың синтезі. Шығарманың музыкалық тілінде академиялық және джаз генезисінің техникасы бір-бірімен тығыз байланысты. Оркестрлік күрделіліктердің көп болуы симфониялық оркестрдің дирижері мен музыканттарынан жоғары кәсіби дайындықты және джаз орындауының ерекшеліктерін білуді талап етеді. Маэстроның джаз музыкасының интонацияларына деген ерекше қызығушылығы симфониялық биді таңдауы да алдыңғы Иоганнес Брамстың концертінен алған әсерден айырмай, тыңдармандарды келесі болатын интеллектуалды қабылдау жағынан күрделі, жаңа ХХ ғасыр музыкасын қалыптастырушы Антон

Веберннің «Пассакальясына» дайындау. Осындай жан-жақты стильдегі шығармаларды тыңдаған көрермен сөзсіз үлкен әсер алады. Әр түрлі кезеңдер музыкасын ұштастыру дирижердың ойлау қабілетінің жоғары деңгейінің және ағартушылық бағытына қарай жұмыс жасағанын көрсетеді. Бұл қабілеттер қазіргі коммерциялық уақытта дирижерларға керек маңызды қасиеттердің бірі.

Филармония іргесінде маэстроның ағарту ісінде де орасан зор жұмыс жасағанын көреміз. Ұжымның көркемдік кеңес жиналыстарында ол тыңдармандарды өнерге баулуға үйретуге шақырды. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының 1977 жылдың 24 наурызында болған жиналысында күн тәртібіне өнеркәсіп қызметкерлеріне Мемлекеттік оркестрдің абонементтік концерттерін бекіту мәселесі қойылды. Осы жиналыс хаттамасындағы Тимур Мыңбаевтың сөзінен оның әрбір шығармашылық жұмысқа қаншалықты көңіл бөлетіндігін көре аламыз: «Мен абонементтік концерттердің жобасын шамамен дайындадым. Репертуарды ең алдымен, күрделі музыканы өнеркәсіп қызметкерлеріне бірден ұсынуға болмайтындығын есепке алдым. Сондықтан абонементтік концерттер осындай түрдегі жұртшылық оңай қабылдайтын танымал музыкадан басталады, әрі қарай біз бағдарламаға күрделірек туындыларды қосатын боламыз» (ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан). Бұдан бөлек Тимур Мыңбаев балалар аудиториясын да естен шығармай, оларға арналған концертте өнер көрсетіп, кез келген жастағы көрермендерге академиялық музыканы барынша насихаттау жұмысымен айналысты. Филармониядағы қызмет еткен кезеңінде өзінің ұстазы Е. Кудрявцеваға жазған хатында: «...Дирижерлық сала да үнемі кеңейіп келеді, осы маусымда

мен Д.Д. Шостаковичтің барлық симфонияларының циклін, Малердің 5-ші және 6-шы симфонияларын, Брукнердің 2-ші, 4-ші және 7-ші симфонияларын, Шуберттің «До-мажордағы» Үлкен симфониясын, Бетховеннің барлық симфониясын орындауға кірісемін. А.Шнитке мен Э.Денисовтің авторлық кештері, қазіргі кеңестік және шетелдік авторлардың көптеген шығармалары жоспарланған. Ел бойынша және шетелдегі гастрольдік сапарларда мен Брамс пен Прокофьевтің симфонияларын орындағанды дұрыс деп санаймын, өйткені бұл шығармалар менің оркестрімде үнемі орындалады, бір сөзбен айтқанда, жоғарыда айтылғандардың бәріне тағы бір өмір жеткіліксіз екенін көресіз, бірақ құтқарушы йоганың мұқият медитациясының арқасында мен әлі де тірімін» (Кудрявцева 231).

Тимур Мыңбаевтың концерттеріндегі бағдарламаларға енгізілген қазақ композиторларының шығармалары ерекше оң береді. Маэстро қазақ композиторларының шығармаларын әр концерттік бағдарламаға қосып отырған. Дирижер ұлттық авторлардың қаламынан енді ғана шыққан партитураларға үлкен қызығушылықпен құлшына кірісті. Олардың ішінде Ғазиза Жұбанова, Жолан Дастенов, Еркеғали Рахмадиев, Бакир Баяхунов тағы басқа композиторлардың шығармалары орындалды. Әрдайым жаңашылдыққа құмар талантты тұлға тек қана халыққа өнерді насихаттап қана қоймай, өз ойларын, толғаныстарын ашық түрде баспасөз беттерінде жарыққа шығарып отырды. Музыкалық әлемдегі болып жатқан түрлі қарым-қатынастар, концерттердегі толғаныстарын газет беттеріне жариялап отырды. Ол сол уақытта

соңғы кездері Советтік Қазақстанның музыкасы әлемге кеңінен тарай бастағанын, АҚШ, Англия, Франция, Австрия, Польша, ГДР, Чехословакияда қазақ композиторларының хор және камералық музыкалары орындалып жатқанын, ал керісінше, Алматыда шетел композиторларының шығармаларын көпшілік назарына ұсынылғанын атап өтті. Тимур Мыңбаев бұл құбылысты «Мәдениеттердің өзара байланысының, баюының бұл үрдісі табиғи және заңды, өйткені қазақтың қазіргі музыкалық мәдениетін салыстыру арқылы өзінің ең жақсы жақтарын, өзіндік ерекшелігін, салауатты фольклорлық негізін, ұлттық интонациялық бояуын, әлемдік композиция техникасы енгізген өнердің жаңашылдығымен айқынырақ көрсету, республиканың жетекші композиторларының ойлау нормасына айналды», — деп түсіндірген еді (Мыңбаев 11).

Маэстро Қазақ Мемлекеттік оркестрмен өте жемісті еңбек етті. Арманы оркестрді жоғары, халықаралық деңгейге көтеру болды.

«Т.Мыңбаев Қазақ КСРО Мемлекеттік симфониялық оркестрінің бас дирижері ретінде қызметте болған он жыл ішінде оркестр Моцарт, Бетховен, Малер симфонияларының түгелге жуығын, Брукнер, Р.Штраустың қолда бар партитураларын, Чайковскийдің барлық симфонияларын ойнады, тіпті Глинка капелласымен бірнеше рет Моцарт пен Вердидің реквиемдарын Алматыда да, қазіргі Санкт-Петербургте де орындады» (Халмуратов 73).

«Академик Кәрім Мыңбаевтың ұлы Тимурдың жан-жақты білімі, өлшеусіз еңбекқорлығы, тағдыр талайына жолыққан қисапсыз кедергі мен өнер айдынындағы жанқинамас таланттарға жаны күйіп, солардың арасынан суырылып шығып, өз биігінде жұлдыз боп жарқырап қалуы қай-қайсымызға болсын үлгі» (Әмзе).
Ұстазы Елизавета Кудрявцеваға жазған

хатында: «Менің ойымша, оркестрдің ойнау дәрежесі айтарлықтай жақсарды, одақтас аудиторияға өтуге үміт бар. Репертуар жинап жатырмын, қоғамдық жұмыстармен айналысамын, әзірге шаршамадым, тырысып жатырмын» деген еді (Кудрявцева 229).

Маэстроның тоқтаусыз ізденістерінің арқасындағы өзінің талғампаз, нық қағидаларының, айқын жоспарларының нәтижесі оркестрді республикадағы, одақтағы белді, танымал, сыйлы ұжым ретінде танытты.

Нәтижелер

Зерттеудің нәтижелері дирижердың негізгі тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Тимур Мыңбаев жұмыс істеген жылдар ішінде өзіне демалуға немесе үзіліс жасауға мүмкіндік бермеді. Оркестр әртістеріне, ең алдымен өзіне талапшыл болды. Шығарманың интерпретациясын, оркестрлік репетиция жоспарларын жіті ойластырып, даму бағытына қарай жоспарлаумен айналысты.

Кәсіби музыканттардан құрылған ұжымды басқару жеңіл емес. Себебі ұжымдағы әр адамның ой-өрісін, көзқарасын, өзінің шығармашылық ниетіне, ойына ілестіру үлкен тұлғалық даралықты қажет етеді. Ал, өз кезегінде ұжымы маэстроның даралығын мойындап, жалпыға ортақ мақсаттарға қол жеткізуде өз ойларына емес, керісінше шешім қабылдауда Тимур Кәрімұлына сенім артты. Бұл жоғарғы кәсібиліктің айқын көрінісі екендігін білдіреді.

Оның концерттерін жадымызда жаңғырта отырып, деңгейінің жоғарылығын және бағдарламасының алуан түрлілігін ерекше атап өтуге болады. Себебі, әр концерттік бағдарлама өзіндік ерекшелігімен таң қалдыратын еді. Тимур Мыңбаевтың репертуарлық саясатында премьерға деген бағыт айқын сезілетін, тек

тыңдаушыны музыкаға еліктіріп тарту ғана емес, сондай-ақ оркестрдің шығармашылық ауқымын кеңейту, әкімшілік және репертуардағы олқылықтарды жою ниеті де алдыңғы қатарға шығатын. Оған сол уақытта маэстро басшылығымен оркестрде альт тобының концертмейстері болған Қаримов Нигметулла Харрасовичтің естелігі дәлел бола алады.

«Т.К. Мыңбаевтың қызметін әр қырынан қарастыра отырып, персоналды таңдау, репертуарды жинақтау, гастрольдік жоспарлау, сонымен қатар, оркестр мүшелерінің күнделікті, екінші деңгейлі мәселелерінен және дайындық процесіне таңғажайып қатынасты көріп, сіз дирижердың ерекше тұлға екендігіне көз жеткізесіз. Мыңбаев өзі немесе инспекторлар арқылы орындаушы кадрларды таңдап, Қазақстанның және көршілес республикалардың ең жақсы музыканттарын іздеп, оркестрге шақырумен айналысқан» (Қаримов 111). Т. Мыңбаев ақпараттық мазмұндылығы жоғары мәнерлі ым-ишара тілін жетік меңгерген. Соның нәтижесінде оның дирижерлық қимылдары оркестр мүшелеріне көркемді түрде әсер етті. Бұл оның дирижер, аудармашы, хабаршы ретіндегі шеберлігінен туындады. Дирижердің аталмыш қасиеттері Марк Монтемайор мен Брайан Сильви мақалаларында да осылайша сипатталады (Montemayor, Silvey).

Оркестрдің заманауи музыкаға ден қоюы, кәсіби деңгейінің шыңдалуы, өз көрермендерінің талғамын қалыптастыруы — Тимур Мыңбаевтың үлкен еңбегінің жемісі. Дирижердың көзқарасы айқын. Оркестр заманмен етене араласып, әртүрлі стильдегі және қиындықтағы жаңа туындыларды меңгеруі керек. Себебі бұл бағыт оркестрдің кәсіби жолындағы шыңдалуының маңызды тетігі, сондықтан да музыканттардың бойына заманауи музыкаға деген талғамды оятпай, тыңдаушының оған деген

сүйіспеншілігіне ие болу мүмкін емес. Заманауи материалға үнемі жүгіну Тимур Мыңбаевтың өзі үшін пайдалы болды, оның шығармашылық бейнесінде көп нәрсе нақтыланды.

Дирижер ретінде ол кең, ауқымды репертуарларды қамтуға ұмтылды. Ол оркестрмен Шостаковичтің барлық симфонияларының орасан зор циклін орындауды мақсат етіп қойған ХХ ғасырдағы санаулы дирижерлердың бірі болды. Тимур Мыңбаев қызметінің бүкіл кешені қазақ музыка мәдениетін әлемге танытуға және насихаттауға, музыкалық саланы кеңейтуге және байытуға бағытталған. Тимур Мыңбаевтың сан қырлы шығармашылық қызметін зерттеу отандық ғылымға қосқан үлесіміз болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдарды ұсынамыз:

— Мыңбаевтың дирижерлық қызметі тек қазақ музыкасының дамуына ғана емес, бүкіл қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосып, жаңа леп берді;

— Жас музыканттарды Тимур Мыңбаевтың мұрасымен таныстыру болашақ дирижерлардың дайындақтарын жақсартуға ықпал ете алады.

Тимур Мыңбаев қазіргі заманғы атақты дирижерлар арасында лайықты орын алады. Оның өмір жолы, шығармашылығы және атқарған жұмыстары Қазақстанның музыка мәдениеті үшін қосқан үлесінің маңызы туралы айтуға мүмкіндік береді. Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің имиджін жоғары деңгейге көтеріп, халыққа бұрын соңды естімеген заманауи шығармаларды халыққа таныстыру мақсатында орындады.

Керемет дирижер, композитор, сөз шебері — оратор, ұйымдастырушы, сайып келгенде, көз алдымызға нағыз көсбасшының образы келеді. Өмір бойы ізденіс үстінде өткен маэстроның дирижерлық таланты, виртуоздық техникалық шеберлігі,

шабыттандырған әртістігі мен темпераменті, айқын даралығы және әртүрлі дәуірлер мен стильдердің шығармашылық құпияларына еніп қайталанбас дүниелер тудыруға қабілеті болды. Ол өз заманының эстетикалық талаптарының алдыңғы қатарынан табылып, еңбекқорлығымен, таусылмас күш қуатымен, өнерге деген сүйіспеншілігімен, үнемі жақсылыққа ұмтылуымен өзгелерден ерекшеленді.

Классикалық музыка — рухани тәрбиенің маңызды құралы. Осы құрал арқылы Тимур Мыңбаев тыңдармандардың дүниетанымдық, этикалық, эстетикалық құндылықтарын дамыту жолында орасан зор еңбек атқарды. Бұл нәтижелер Т. Мыңбаевтың мемлекеттік оркестрдің бас дирижері ретіндегі қызметінің құндылығын анықтайтын маңызды сипаттамалар.

Негізгі тұжырымдар

Тимур Мыңбаевтың дирижер, композитор, ұстаз, музыкатанушы ретіндегі қызметі көп қырлы, жемісті болды. Әр сала бойынша жоғары кәсіби деңгейге жеткен оның тұлғалық ерекше қасиеттеріне арналып төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Жеке дара тұлға, дирижер, композитор, ағартушы ретінде қазақ музыкалық мәдениетін жаңа деңгейге көтерді.
2. Оның қызметіндегі ағартушылық мәні оның қазақ композиторларының шығармаларын насихаттауынан туындайды, мұны оның бағдарламалық-концерттік репертуарларының зерттелуі дәлелдейді.
3. Т. Мыңбаевтың шығармашылық қызметі тұтастай алғанда музыканттың музыкалық ойлауының прогрессивтілігін және оның кәсіби қызығушылықтарының үлкен жан-жақтылығын көрсетеді.
4. Тимур Мыңбаевтың шығармашылық тұлғасының ерекшеліктерін анықтау барысында,

оның орындаушылық қызметке қатынасы музыкант-педагог ретіндегі айқын өрнектелген ұстанымына негізделгені анықталды.

5. Жас музыканттарды Тимур Мыңбаевтың мұрасымен таныстыру болашақ дирижерлардың дайындықтарын жақсартуға ықпал ете алады.

Қорытынды

Дирижер мамандығы — заңдылықтар мен қайшылықтардан тұратын тылсымдық. Шығармашылық тұлғаның тұтастығы, туған мәдениетпен терең байланысы, көркемдік қызығушылықтарының қамтылуы, мәдени қызметтің жан-жақтылығы күнделікті алып жұмыс пен өнерге шексіз берілгендігімен ұштасып, ауқымды суреткердің қайталанбас бейнесін жасайды.

Талантты музыкант және ірі тұлға Тимур Кәрімұлы Мыңбаев өзінің соңғы күндеріне дейін музыкаға деген тікелей қызығушылығын сақтап келді. Ол әрқашан да жаңа белестерді бағындыруға ұмтылатын таңғажайып креативті батыл адам болды. Оның шығармашылық, педагогикалық және әлеуметтік-музыкалық қызметі барлық музыканттардың есінде өз ісіне адал, шынайы суреткердің үлгісі ретінде қалады.

Оның ерік-жігері, харизмасы, ішкі қуаты, ең бастысы музыканы сезінуі, оған деген шынайы құштарлығы дирижер ретіндегі тұлғасын ерекшелейді. Тұлға ретінде айналасындағы жандарды өзінің асқақтығымен, сұлулықты сезінуімен, өзі орындаған шығармаға деген сүйіспеншілігімен бағындырды. Ол қазыналы білімімен, мәдениеттілігімен, өз ісіне адалдығымен, жоғары деңгейдегі тәртіптілігімен, шыншылдығымен, риясыз еңбегімен дараланды. Дирижерлық қызметіндегі мақсаты — автордың ойын барынша дәлме-дәл жеткізу болды. Тимур Мыңбаев жоғары дәрежелі симфониялық

оркестрдің керемет ұйымдастырушысы және дирижеры ретінде өзін танытты. Нәтижесінде симфониялық оркестр Алматының, бүкіл Қазақстанның көрнекті белгісіне айналды.

Тимур Мыңбаевтың еңбек жолы, шығармашылығы әлі де жан-жақты жіті зерттеуді қажет етеді. Әсіресе оның шығармаларының гармониялық тілін, оның жазылу мәнерін, жазу стилін, ондағы полифониялық техниканың мәні мен құбылысы, рөлін анықтау, зерттеу тақырыптарында зерттеушілер үшін атқарар жұмыс орасан зор. Тимур Мыңбаевтың қайталанбас тұлғасының жаңа қырларын таныту бағытындағы зерттеулердің одан әрі жалғасатынына сеніміміз мол.

Қазақтың батыры, дара тұлға Бауыржан Момышұлы Тимур Мыңбаевпен болған бір кездесуінде: «Тимур, шырағым, сенің туған жерің – осы бүкіл ел. Бірақ әкеңнің туып-өскен жері сен үшін ерекше, тартымды әрі қымбат болуы қажет. Отаның сені туған жердің ауасымен тыныстап, күш-қуатыңды сынауға шақырды. Менің досым және әкенді есіңе алғаныңа қуаныштымын. Халқың үшін осында еңбек етіп, дирижерлық, композиторлық талантыңды әкеңнің туған жеріне беруді ұйғарғаныңа да қуаныштымын. Әйтсе де, туған жерің де адалдығыңды сынайды, осында тамырыңды жая алмасаң, ол сені ұстап тұрмайды. Бізде мынадай сөз бар: «Мың күндік сапар бір қадамнан басталады және сен осы қадамды жасадың. Жолың ашық болсын» (Момышұлы З).

Авторлардың үлесі

Г. Т. Альпеисова – зерттеу мәселесін қарастыру; зерттеу қорытындыларын қалыптастыру; ғылыми мақаланы пысықтау.

Б. М. Халмуратов – материалдар жинау; ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге шолу жасап; мақаланы дайындады.

Вклад авторов

Г. Т. Альпеисова – постановка и формирование выводов исследования; доработка научной статьи.

Б. М. Халмуратов – сбор материалов; обзор научной и методической литературы; подготовка статьи.

Contribution of authors

G. T. Alpeissova – statement of the research problem; formation of the research conclusions; revision of the scientific article.

B. M. Khalmuratov – collection of materials, review of scientific and methodological literature, preparation of the article.

Дәйеккөздер тізімі

- Amze, Mussilim et al. *History of the formation and development of Kazakhstan's conducting art*. Venezuela. Universidad del Zulia, 2018.
- Gerts, Mihhail. "Possible mental models for the conductor to support the ensemble playing of the orchestra". *Res Musica*, no.10, 2018 pp.111–138.
- Montemayor Mark., Silvey Brian. "Conductor Expressivity Affects Evaluation of Rehearsal Instruction". *Journal of Research in Music Education*, no. 67(2), 2019, pp.133–152.
- Neuman, Geoffrey B., "Preparation to Performance: A Conductor's Journey to the Podium". UNLV Theses, Dissertations, Professional Papers, and Capstones. 2021. 4308. dx.doi.org/10.34917/28340358.
- Schmidt, Simon et al. "Acquiring the Art of Conducting: Deliberate Practice as Part of Professional Learning". *Journal of Advanced Academics*. no. 32(3), 2021, pp.354–379.
- Thomas, R. Moore. "The Instrumentalised Conductor", *Tempo*, 75, no. 297 July 2021, p. 48–60, doi.org/10.1017/S004029822100022X.
- Әмзе, Мүсілім. «Тастүлек талант». Мүсілім Әмзенің жеке шығармашылық сайты, 7 шілде 2014, www.muslimamze.kz/?p=2452. Кіру күні 15 желтоқсан 2022.
- Батагова, Татьяна. «Эстетические аспекты творчества Тимура Мынбаева. К 75-летию со дня рождения музыканта». *Музыка и время*, № 10, 2018, с. 27–34.
- Дюсембаев, Калкаман. «Алан Бурибаев: путь к дирижерскому олимпу». *Международные магистерские чтения КазНУИ 2019: сборник магистерских работ в рамках Международных магистерских чтений, посвященных Году молодежи РК*. 19 апрель 2019, Казахский национальный университет искусств. Нур-Султан, с. 125–129.
- Жубанова, Газиза. *Мир мой – музыка (статьи, очерки, воспоминания)*. Составление и редакция Д. Мамбетовой. Алматы, 1997.
- Каримов, Нигмет. «Тимур Мынбаев». *V Боранбаевские чтения: инновационные технологии в художественном образовании: проблемы, опыт, перспективы*. материалы международной научно-практической конференции, 28 март 2016, Казахский национальный университет искусств. Астана, с. 111–114.
- Кудрявцева, Елизавета. *Мой музыкальный век*. Санкт – Петербург, ООО «Береста», 2011.
- Кузембайұлы, Аманжол и Әбіл, Еркін. *История Казахстана: учеб. для вузов Костанай*. Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006. 350 с.
- Момынұлы, Пернебек. *Қазақ музыкасының қысқаша тарихы*. Алматы, ҚАЗАқпарат, 2002.
- Момышулы, Бакытжан. «Высокое небо, далёкая звезда». *Индустриальная Караганда*, 7 августа 1996, с.3

Муса, Мұхаммед. *Дирижерское искусство Газиза Дугашева (на примере интерпретации «Ризвангуль» К. Кужамьярова)*. 2020. МКС РК «Казахский национальный университет искусств», магистерская диссертация.

Мынбаев, Тимур. «Музыкальное содружество». *Казахстанская правда*. Алматы, 21 декабря 1981, с.12.

Халмуратов, Бақытжан. Каримов Нигметолла Харрасовичпен сұхбат. Астана, 31 қаңтар 2022.

Халмуратов, Бақытжан. Мусаходжаева Раиса Кожабековнамен сұхбат. Астана, 22 мамыр 2022.

Халмуратов, Бақытжан. «Тимур Мыңбаевтың шығармашылық қызметі». *Музыкалық дәстүрлер мұрасына жаңа көзқарас*. III Республикалық магистрлік оқулары конференциясының материалдары. 19 ақпан 2021, Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы, Құрманғазы атындағы ҚҰК, б. 68–75.

Юдин, Георгий и Мынбаев Тимур. «Хочется играть как можно лучше...(Диалог двух дирижеров)». *Советская музыка*, №5, 1978, с. 41–43.

References

Amze, Mussilim et al. *History of the formation and development of Kazakhstan's conducting art*. Venezuela. Universidad del Zulia, 2018.

Amze, Müsilim. “Tastülek talant” [“Mature talent”]. Musilim Amze’s personal creative website, 7July, 2014, www.muslimamze.kz/?p=2452. Accessed 15 December 2022. (In Kazakh)

Batagova, Tat'yana. “E`steticheskie aspekty` tvorchestva Timura My`nbaeva. K 75-letiyu so dnya rozhdeniya muzy`kanta” [“Aesthetic aspects of Timur Mynbaev’s creativity. To the 75th anniversary of the musician.”] *Muzy`ka i vremya [Music and time]*, no. 10, 2018, pp. 27-34. (In Russian)

Gerts, Mihhail. Possible mental models for the conductor to support the ensemble playing of the orchestra, *Res Musica*, no.10, 2018 pp.111–138.

Karimov, Nigmat. “Timur My`nbaev” [“Timur Mynbaev”]. *V Boranbaev readings: innovative technologies in art education: problems, experience, prospects*. materials of the international scientific and practical conference. March 28, 2016, Kazakh National University, Astana, p. 111–114. (In Russian)

Khalmuratov Bakytzhan. Interview with Karimov Nigmatolla Harrasovich. Astana, January 31, 2022.

Khalmuratov Bakytzhan. Interview with Raisa Kojabekovna Musakhodzhaeva. Astana, May 22, 2022.

Khalmuratov, Bakytzhan. “Timur Myñbaevtyñ şyğarmaşylyq qyzmeti.” [“Creative activity of Timur Mynbayev.”] *A new approach to the heritage of musical traditions*. Proceedings of the 3rd Republican Master’s Studies Conference. 19February 2021, Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, p. 68–75. (In Kazakh)

Kudryavtseva, Elizaveta. *Moj muzykal’ny’j vek [My musical age]*. St. Petersburg, Beresta LLC, 2011. (In Russian)

Kuzembajuly’, Amanzhol i Erkin Abil. “Istoriya Kazakhstana: ucheb. dlya vuzov” [“History of Kazakhstan: textbook for universities”]. Kostanay Regional Institute of Historical Research, 2006. (In Russian)

Momy`nuly`, Pernebek. *Qazaq muzy`kasınıñ qısqaşa tarixi. [Brief history of Kazakh music]* Almaty`, QAZAqparat, 2002. (In Kazakh)

Momy`shuly`, Baky`tzhan. “Vy`sokoe nebo, dalyokaya zvezda” [“Sky high, distant star”]. Industrial Karaganda, 7August 1996, p.3 (In Russian)

Montemayor, Mark, and Silvey Brian. Conductor Expressivity Affects Evaluation of Rehearsal Instruction. *Journal of Research in Music Education*, no. 67(2), 2019, pp.133-152.

My`nbaev, Timur. “Muzy`kal`noe sodruzhestvo” [“Musical Society”] *Kazakhstanskaya Pravda [Almaty]*, 21December 1981, p.12. (In Russian)

Musa, Mukhammed. *Dirizherskoye iskusstvo Gaziza Dugasheva (na primere interpretatsii «Rizvangul’» K. Kuzham`yarova) [Conducting art of Gaziz Dugashev (on the example of the interpretation of “Rizvangul” by K. Kuzhamyarov)]*. 2020, Nur – Sultan, Kazakh National University of Arts, Master’s thesis. (In Russian)

Neuman, Geoffrey B. “Preparation to Performance: A Conductor’s Journey to the Podium” (2021). UNLV Theses, Dissertations, Professional Papers, and Capstones. 4308. dx.doi.org/10.34917/28340358.

Schmidt, Simon et al. “Acquiring the Art of Conducting: Deliberate Practice as Part of Professional Learning”. *Journal of Advanced Academics*. no. 32(3), 2021, pp.354–379.

Thomas, R. Moore. “The Instrumentalised Conductor”, *Tempo*, 75, no. 297 July 2021, p. 48–60, doi.org/10.1017/S004029822100022X.

Yudin, Georgi, and My`nbaev Timur. “Khochetsya igrat` kak mozhno luchshe... (Dialogdvukh dirizherov).” [“I want to play as best I can... (Dialogue two conductors).”] *Sovetskaya muzyka [Soviet Music]*, no. 5, 1978, p. 41-43 (In Russian)

Zhubanova, Gaziza. *Mir moy – Muzyka (stat’i, ocherki, vospominaniya) [My world is music (articles, essays, memoirs)]*. Compilation and editing by D. Mambetova. Almaty, 1997, p. 210. (In Russian)

Гульнар Альпеисова

Казахский национальный университет искусств (Астана, Казахстан)

Бақытжан Халмуратов

Казахский национальный университет искусств (Астана, Казахстан)

МНОГОГРАННОСТЬ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДИРИЖЕРА ТИМУРА МЫНБАЕВА

Аннотация. В современном музыкознании заметен интерес к изучению отечественного дирижерского искусства и творчества. Представляя собой сложную многоаспектную структуру, дирижерское искусство Казахстана еще не получило должного отражения в научных исследованиях. Однако на этом пути наметились сдвиги: можно назвать работы молодых исследователей (Әмзе, Муса, Дюсембаев). Между тем, отдельного рассмотрения требует многогранная деятельность яркого и высокопрофессионального дирижера Тимура Мынбаева, незаслуженно выпавшая из поля зрения исследователей.

Цель настоящей статьи раскрыть многогранность творческой деятельности Т. Мынбаева. Тимур Мынбаев - дирижер, композитор, музыковед, заслуженный артист Казахстана и России, профессор. Долгие годы был дирижером симфонических оркестров Казахстана, России. С 1997 года и до конца жизни руководил студенческим симфоническим оркестром Российской академии музыки имени Гнесиных. Под его руководством коллективы успешно готовили сложные программы и достигали высокого творческого уровня.

В ракурсе исследования творческой личности Т. Мынбаева, на основе биографического, аналитического, архивного методов, рассматриваются характер и специфика его работы с симфоническим оркестром. На основе методов наблюдения, бесед, интервью формулируются основные принципы его дирижерской и просветительской деятельности. Отдельное рассмотрение получили вопросы репертуарной политики.

В результате выявлено, что в основе его дирижерской деятельности – воплощение в звуках оркестра музыкального произведения и его смысла с целью точного донесения задуманного до слушателя. Выявление дирижерского мышления, личностных и профессиональных качеств Т. Мынбаева позволило определить его деятельность в качестве дирижера симфонического оркестра Республики Казахстан как неотъемлемую и яркую часть художественной жизни Алматы и отечественной культуры. Думается, что творчество Тимура Мынбаева, оставившее яркий след в музыкальной культуре, вызовет волну новых исследовательских интересов в разных областях гуманитарного знания

Ключевые слова: Тимур Мынбаев, дирижер, личность, симфонический оркестр, филармония, репертуар, дирижерское искусство, биографические, аналитические и архивные методы.

Для цитирования: Альпеисова, Гульнар Туякбаевна и Халмуратов, Бақытжан Маралбекұлы. «Многогранность творческой деятельности дирижера Тимура Мынбаева». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, № 4, 2023, с. 27-42, DOI: 10.47940/cajas.v8i4.660.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Gulnar Alpeissova

Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

Bakytzhan Khalmuratov

Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

THE VERSATILITY OF THE CREATIVE ACTIVITY OF CONDUCTOR TIMUR MYNBAEV

Abstract. In modern musicology, the interest in domestic conducting art, the work of significant conductors has significantly increased. Representing a multidimensional structure, the art of conducting in Kazakhstan has not yet been adequately reflected in the research. However, changes have appeared: the work of young researchers (Amze, Musa, Dyusembaev). Meanwhile, the activities of the conductor Timur Mynbaev, which undeservedly fell out of the view of researchers, require separate consideration.

The purpose of this article is to reveal the versatility of T. Mynbaev's creative activity. Timur Mynbaev - conductor, composer, musicologist, Honored Artist of Kazakhstan and Russia, professor. For many years he was a conductor of symphony orchestras in Kazakhstan and Russia. Since 1997, he has led the student symphony orchestra of the Gnessin Academy of Music. Under his leadership, the teams reached a high creative level.

In the study of the personality of Timur Mynbaev, on the basis of biographical, analytical and archival methods, the specifics of his work with the orchestra are considered. Based on the methods of observation, conversations, interviews, the principles of its activity are formulated.

The identification of personal, professional qualities of Timur Mynbaev made it possible to define his activity as a conductor of a symphony orchestra as an integral part of the artistic life of the national culture. We believe that the work of Timur Mynbaev, which left a bright mark on musical culture, will cause a wave of research interests in various fields of humanitarian knowledge.

Keywords. Timur Mynbaev, conductor, personality, orchestra, philharmonic society, repertoire, conducting art, biographical, analytical and archival methods.

Cite: Alpeissova, Gulnar Tuyakbaevna and Khalmuratov, Bakytzhan Maralbekuly. "The versatility of the creative activity of conductor Timur Mynbaev". *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 8, no. 4, 2023, pp. 27-42, DOI: 10.47940/cajas.v8i4.660.

The authors have carefully reviewed and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interest.

Авторлар туралы мәлімет:

Сведения об авторах:

Information about the authors:

Альпеисова Гульнар Туякбаевна - өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университетінің «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, Қазақский национальный университет искусств (Астана, Қазақстан)

Алпеисова Гульнар Туякбаевна — кандидат искусствоведения, профессор кафедры «Музыковедение и композиция», Казахский национальный университет искусств (Астана, Казахстан)

Gulnar T. Alpeissova – Ph.D in History of Arts, Professor of the Department of Musicology and Composition, Kazakh National University of Arts, Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-3516-4844

E-mail: galpeissova@mail.ru

Халмуратов Бақытжан Маралбекұлы — өнертану магистрі, Қазақ ұлттық өнер университетінің «АВАК және оркестрлік дирижерлау» кафедрасының оқытушысы, Қазақ ұлттық өнер университеті (Астана, Қазақстан)

Халмуратов Бақытжан Маралбекұлы — магистр искусствоведения, преподаватель кафедры «АВАК и оркестровое дирижирование», Казахский национальный университет искусств (Астана, Казахстан).

Bakytzhan B. Khalmuratov – Master of Art criticism, teacher of the Department «AVAK and orchestral conducting», Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0003-2597-3709

E-mail: khalmuratovb@mail.ru